**Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкестігі туралы қайталама қорытынды**

**Қарағанды қаласы**
**Костенко көшесі, 6** **«29» мамыр 2024 жыл**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 59-бабы 8-13-тармағын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 31.12.2022 жылғы № 14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың» 83-тармағын басшылыққа ала отырып, қайталама қорытынды шығару үшін Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ақпараты растайтын материалдарымен зерделенді.

**Білім саласындағы уәкілетті орган -** «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» (бұдан әрі – Департамент).

**Алдыңғы мемлекеттік бақылау** – бармай профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік аттестаттау Департаментпен 2022 жылғы «09» қарашада бекітілген 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес Департаменттің 16.06.2023 жылғы №265 бұйрығы негізінде 2023 жылдың «19» мен «23» маусым аралығында өткізілген.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарының мынадай бұзушылықтары анықталды:

- Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тармағының 2), 3), 4), 5) тармақшалары, 5, 6, 12, 16, 17, 21, 22, 24, 25 - тармақтары, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығына 2, 3 - қосымшалары талаптарын бұзушылық;
- Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7 - 11 тармақтары, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 12.08. 2016 жылғы № 499 бұйрығына 1-қосымшаның 3 тармағы талаптарын бұзушылық;
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 7, 12, 13, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 25, 26, 27-тармақтары (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 12, 25, 27, 30, 32, 35, 37, 38, 39, 56-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 18, 23-25, 28, 29-тармақтары (Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты) талаптарын бұзушылық**.**

Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ 23.06.2023 жылғы аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімі негізінде Департаменттің 23.06.2023 жылғы №269 бұйрығымен аттестатталмаған.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 8-11-тармағына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындыда көрсетілген бұзушылықтарды жоюдың мерзімін 23.06.2024 жылға дейін көрсете отырып, 30.06.2024 жылы Департаментке бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар жоспары ұсынылды *(іс-шара жоспары қоса беріледі).*

Жою мерзімі өткеннен кейін Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ 23.05.2024 жылы №2-8-7/129 ұсынылған бұзушылықтарды жою туралы есебі Департаментте 23.05.2024 жылы №856 болып тіркелді *(есеп қоса беріледі-9 парақ).*

**Қайталама қорытынды шығарудың мақсаты** - 23.06.2023 жылғы қорытындыға сәйкес мемлекеттік аттестаттау кезінде анықталған бұзушылықтарды жоюды анықтау.

**Қайталама қорытынды шығару мерзімі –** 28.05.-29.05.2024 жыл.

Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ қайталама қорытынды шығару Департаменттің 27.05.2024 жылғы №161 «Қайталама қорытынды шығару туралы» бұйрығына сәйкес Комиссиямен Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ-нің Департаментте келесі құрамда жүзеге асырылды:

1. Бакишева Алия Бигазиевна –Департаменттің білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
2. Садыкова Зарина Сайдалиевна - Қарағанды облысының білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «М.Мамыраев атындағы мектеп-интернаты» КММ оқу ісі жөніндегі директорының орынбасары, комиссия мүшесі (келісім бойынша);
3. Абильтусупова Салтанат Турсынхановна – Қарағанды облысының білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК әдіскері, комиссия мүшесі (келісім бойынша).

Комиссия мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне жүргізілген алдыңғы мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтарды жою туралы есепке талдау жүргізді.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы материалдар зерделеніп, олар білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстырылып, Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізілді.

Растайтын құжаттары бар есепті зерделеу барысында мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындыда көрсетілген негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзушылық 23.06.2023 жылдан 23.05.2024 жылға дейінгі аралықта толық жойылғаны анықталды.

| | |
|---|---|
| **1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.** | |
| **1)** | **Білім беру ұйымының толық атауы.**<br>*на казахском языке:* Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Ә.Бөкейханов атындағы №15 МЛ»).<br>*орыс тілінде: К*оммунальное государственное учреждение «Школа-лицей № 15 имени Алихана Букейханова» отдела оразования города Балхаш управления образования Карагандинской области. |
| **2)** | **Білім беру ұйымының орналасқан жері** *(заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы).*<br>*на казахском языке:*100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Шашубай Қошқарбаев ықшам ауданы, №11А үй.<br>*на русском языке:* 100300, Карагандинская область, г.Балхаш, Микрорайон Шашубай Қошқарбаева, дом №11А |
| **3)** | **заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт).**<br>Тел./факс: 8 (71036) 68766<br>e-mail: school15balkhash@mail.ru сайт: alihan15balkhash.edu.kz |
| **4)** | **заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** *(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы* |

| | |
|---|---|
| | *бұйрықтың көшірмесі).*<br>Директор Токейбекова Айгуль Токеновна, Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» ММ-нің директоры лауазымына ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» «Балқаш қаласы білім бөлімі» ММ-нің 2022 жылғы 31 тамыздағы №191 ж/қ бұйрығына сәйкес тағайындалған. |
| **5)** | **құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары** *(заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәлік).* Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 13.01.2021 жылғы анықтама. БСН 080940011110, «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ Жарғысы «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ басшысының 08.01.2021 жылы № 25 бұйрығымен бекітілген. |
| **6)** | **рұқсат беру құжаттары**<br>«Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ-сі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын заңды тұлға болып табылады. Қызметтің басталғаны туралы хабарлама электрондық нысанда рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін пайдалана отырып жүзеге асырылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы 22.01.2021 жылы № KZ13RVK00027801 электрондық нысанда хабарлама берілген.<br>Білім беру қызметіне №KZ32LAA00020674 лицензия және лицензия қосымшасы «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-мен 2021 жылғы 28 қаңтарда берілген, лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері):<br>- бастауыш білім беру; - негізгі орта білім беру; - жалпы орта білім беру.<br>Алғашқы берілген күні 09.01.2009 ж. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары**

| **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары** | |
|---|---|
| **1)** | **Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы мен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі** *(білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған қызметті бөлудің көшірмелері, бағаланатын кезең үшін ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жеке оқу жоспарлары (бар болса).*<br>«Ә.Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ «Таңшуақ» шағын орталығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлға болып табылады.<br>Ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «Ә.Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ «Таңшуақ» шағын орталықта бағаланатын кезеңде 3 әртүрлі жастағы топтар және 4 мектепалды топтары жұмыс істегені анықталды.<br>Бағаланатын кезеңде білім беру ұйымында психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындысы негізінде оқытылған ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар болмаған.<br>Бағаланатын кезінге ұсынылған оқу жұмыс жоспарлары қалалық білім бөлімімен келісілген, директордың қолымен бекітілген.<br>2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған |

<table>
<tr><td></td><td>оқу қызметінің бөлу кестелері типтік үлгілік жоспарларына сәйкес.<br>БҰЗУШЫЛЫҚ: Алайда, 2022-2023 оқу жылы «Қызғалдақ» аралас тобында (3-жастағы, 4-жастағы балалар) ұйымдастырылған іс-әрекетті бөлу кестесі тек 4–жастағы балаларға жасалған.<br>ЖОЙЫЛҒАН: ұйымдастырылған қызметті бөлуді талдау 2023 жылғы 23 маусымынан 23 мамырға дейінгі кезеңде анықталған бұзушылықтар жойылғанын және ұйымдастырылған қызметті бөлу тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалғанын көрсетті.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тармағының 3) тармақшасы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығына 2–қосымшасы талаптарына сәйкес келеді.</td></tr>
<tr><td>2)</td><td>білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру (білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен білім беру бағдарламаларының (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша), ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспарларының, бағаланатын кезеңдегі тәрбие-білім беру процесінің циклограммаларының көшірмелері).<br>Бағаланатын кезеңде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылғанын және ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспарлары, бағаланатын кезеңдегі тәрбие-білім беру процесінің циклограммалары әзірленді.<br>БҰЗУШЫЛЫҚ:Осылайша, бағаланатын кезеңде білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылмаған.<br>2020-2021 оқу жылы оқу жұмыс жоспары бойынша «Қызғалдақ» аралас топ (3-4 жастағылар) «Түймедақ» аралас топ (4-5 жастағылар) «Раушан» аралас топ (4-5 жастағылар) берілген, бірақ циклограмма, перспективті жоспарлар бір жасқа ғана жасалынған.<br>2022-2023 оқу жылы «Қызғалдақ» аралас тобының ұйымдастырылған іс-әрекетті бөлу кестесі циклограммамен сәйкес келмейді. Мысалы, 4 жастағы балаларда «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті 2 жүктеме, ал ұйымдастырылған іс-әрекетті бөлудің кестесінде 1 ғана жүктеме көрсетілген. Ал циклограммада 2 жүктеме жазылған.<br>2022-2023 оқу жылында «Түймедақ», «Раушан» мектепалды топтарында үлгілік оқу жоспарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің (сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру) аптадағы нормативтік жүктемесі 1 рет деп көрсетілген. Алайда, «Раушан» мектепалды тобында циклограммада 1 апта құрастыру, 2 апта сурет салу, 3 апта мүсіндеу, 4 апта жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері жоспарланған.<br>Осылайша білім беру ұйымының барлық топтарында білім беру қызметі үлгілік оқу бағдарламасы және білім беру бағдарламаларына сәйкес тиісті деңгейде іске асырылмайтыны анықталды.<br>ЖОЙЫЛҒАН: перспективалық жоспарлауды, циклограмманы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігіне талдау анықталған бұзушылықтардың 2023 жылғы 23 маусымынан 2024 жылғы 23 мамырға дейінгі кезеңде жойылғанын және перспективалық жоспарлаулар мен циклограммалар жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметті бөлудің негізінде жасалғанын және үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келетіндігі анықталды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тармағының 4), 5), тармақшалары, 16, 17- тармақтары; «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығына 2, 3 – қосымша талаптарына сәйкес келеді. | |
| 3) | **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау** *(Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер (әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған), бағаланатын кезеңдегі штат кестесі, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған), жабдықпен және жиһазбен жарақтандырылғандығы туралы мәліметтер (басшының қолымен және мөрімен басшының қолымен және мөрімен расталған әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес нысанда), бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім беру басқармасы органмен келісілген түгендеу тізімдемесі).*<br>**1) жас топтарын жинақтау және толықтыру, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып:**<br>Басшының қолымен және мөрімен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілер контингентінің тізімін зерделеу және оны ҰБДҚ көрсетіген мәліметтермен салыстыру «Ә.Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ-сі жанынан ашылған «Таншуақ» шағын орталығында топтар жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы және 4 мектепалды даярлық сыныптары жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталғандығын көрсетті.<br>**2020-2021 оқу жылы -**<br>«Түймедақ» ересек тобында (аралас) 21 тәрбиеленуші /3жас – 1 бала, 4 жас - 19 бала, 5 жас -1 бала/;<br>«Раушан» ересек тобында (аралас) 13 тәрбиеленуші /4 жас - 5 бала, 5жас – 8 бала/;<br>«Қызғалдақ» ортаңғы тобында 17 тәрбиеленуші<br>Мектепалды даярлық сыныптарында 0 «Ә» - 26 бала; 0 «А» - 25 бала; 0 «Б» - 21 бала; 0 «В» - 22 бала.<br>**2021-2022 оқу жылы -**<br>«Қызғалдақ» ортаңғы тобында 22 тәрбиеленуші /3 жас/;<br>«Түймедақ» ересек тобында 26 тәрбиеленуші /4 жас/;<br>«Раушан» мектепалды тобында 29 тәрбиеленуші /5 жас/;<br>Мектепалды даярлық сыныптарында 0 «Ә» - 25 бала; 0 «А» - 28 бала; 0 «Б» - 23 бала; 0 «В» - 25 бала; .<br>**2022-2023 оқу жылы -**<br>«Қызғалдақ» аралас тобында 14 тәрбиеленуші / 4 жастағы – 7 бала , 5 жастағы - 7 бала/;<br>«Түймедақ» ересек тобында 3 тәрбиеленуші /4 жас/;<br>«Раушан» мектепалды тобында 11 тәрбиеленуші /5 жас/;<br>Мектепалды даярлық сыныптарында: 0 «Ә» - 24 бала; 0 «А» - 23 бала; 0 «Б» - 20 бала; 0 «В» - 23 бала.<br>Осылайша мемлекеттік аттестаттау кезінде, яғни 2022-2023 оқу жылында шағын орталықтағы топта жас ерекшелігі екі түрлі ( 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалардың саны 20 баладан және мектепалды сыныбындағы саны 25 баладан артық еместігі анықталды, ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларынын» 7, 8 тармақтарына сәйкес келеді.<br>**2) мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орнын сақтау және тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару:**<br>басшының қолымен және мөрімен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшада көрсетілген тәрбиеленушілердің қозғалысына сәйкес нысан бойынша тәрбиеленушілер контингентінің тізімін зерделеу және оны ҰБДҚ көрсетілген мәліметтермен салыстыру |

барысында бағаланатын кезеңде тәрбиеленушілер ата-аналардың өз өтініштері негізінде шығарылғандығы анықталды, ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 15, 16 тармақтарына сәйкес келеді.

**3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету:** басшының қолымен және мөрімен расталған әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес нысанда жабдықпен және жиһазбен жарақтандырылғандығы туралы мәліметтер ұсынылған. Ұсынылған деректерінен негізгі құралдардың тізбесінде шағын орталық пен мектепалды даярлық сынып жабдықтары мен жиһаздары туралы мәлімет берілген.

**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Алайда ұсынылған әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшада және түгендеу тізімдемесінде «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығында анықталған коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға, қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдарымен жарақтандырылғанын растайтын мәлімет көрсетілмеген, ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 9 – тармағының талабына сай еместігін көрсетті.

**ЖОЙЫЛҒАН:** 2023-2024 оқу жылында жабдықтармен және жиһаздары туралы мәлімет 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес толтырылған. Коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекеттерді дамытуға, қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға, әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдарымен жарақтандырылғанын растайтын мәлімет берілген.

**4) бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде тәрбиленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру:** ұсынылған құжаттарды зерделеу 3 топтың тәрбиеленушілері 5 күндік жұмыс аптасымен толық күнді режимде мектепке дейінгі ұйымда болатыны және Қарағанды облысының әкімдігінің қаулысы негізінде ата-ана төлемақысының мөлшері көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғаны анықталды.

**5) «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары қызметкерлерінің** үлгілік штаттарына» сәйкес штат саны *(мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін):*

Басшының қолымен және мөрімен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер, бағаланатын кезеңдегі штат кестесіне сәйкес 2022-2023 оқу жылында шағын орталық пен мектепалды даярлық тобында 15 педагог кәсіби қызметке жіберілген, оның ішінде 2 педагог жұмыстан босатылған, 1 әдіскер/мектепалды даярлық сыныбының педагогі, 6 тәрбиеші, 1 музыка жетекшісі (0,75 жүктеме), 1 дене шынықтыру нұсқаушысы (0,75 жүктеме), 1 педагог-психолог (0,5 жүктеме) және Әдістемелік ұсынымдарға 7-қосымшаға сәйкес 3 мектепалды даярлық сыныбының педагогі, оның 1-еуі Каппарова А.С. бала күту демалысында.

**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Алайда қазақ тілі педагогінің штат бірлігі белгіленбеген, ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 21-тармағының талабына сай еместігін көрсетті.

**ЖОЙЫЛҒАН:** білім беру ұйымымен Балқаш қаласының білім бөлімінің басшысымен

| | |
|---|---|
| | келесілген штаттық кесте ұсынылған және штаттық кестесіне сәйкес қазақ тілі педагогінің штат бірлігі белгіленген, ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 21-тармағының талабына сай екенін көрсетті.<br>**6) тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің болуы:** Басшының қолымен және мөрімен расталған педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы әдістемелік ұсынымдарға 2, 7 -қосымшаларға және ҰББД алынған мәліметтерге сәйкес бағаланатын кезеңде барлығы 13 педагогтың, оның ішінде 1 әдіскер/қоса мектепалды даярлық сыныбының педагогі, 6-еуі тәрбиеші, 1 музыка жетекшісі, 1 педагог-психолог, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы, 3 мектепалды даярлық сыныбының педагогі.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Зерделеу барысында педагогтың тиісті бейін бойынша арнайы педагогикалық білімі жоқ екендігі анықталды:<br>• Мукашбекова Сайрангуль Саркытбаевна – мектепалды даярлық сыныбының педагогі, диплом бойынша бакалавр «Дефектология».<br>**ЖОЙЫЛҒАН:** білім беру ұйымымен ұсынылған дипломның көшірмесі бойынша Мукашбекова Сайрангуль Саркытбаевна Балхаш гуманитарлық-техникалық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы бойынша 1998 жылы бітірген.<br>**7) біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет көтерген/растаған педагогтердің болуы:** Басшының қолымен және мөрімен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшада «Таңшуақ» шағын орталықтың 10 педагогтің біліктілік санаты берілген күні, бұйрықтың нөмері туралы мәліметтер мүлдем жазылмаған.<br>Әдістемелік ұсынымдарға 7-қосымшада мектепалды даярлық сыныбында 3 педагог, 1-уі бала күту демалысында.<br>ҰБДҚ алынған мәліметтерге сәйкес шағын орталық пен мектепалды даярлық сыныптың 10 педагогы уақытылы біліктілігін көтерген/растаған, оның ішінде бірінші санаты бар педагог саны - 1, екінші санатты-3 педагог, педагог санаты – 6, 3 педагогтың еңбек өтілі 1-4 жылға дейін. Ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 24-тармағына сай.<br>*Ескерту:* ҰББД көрсетілген мәліметтермен салыстыру барысында білім беру ұйымымен нақты деректердің ұсынылмағаны анықталды. Мысалы, М.Сәулебек мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі, ал ҰБДҚ-да лауазымы «педагог-психолог» деп көрсетілген. Сонымен қатар мектеп-лицей мәліметі бойынша М.Сәулебектің санаты екінші (2019 ж.), ал ҰББД санаты «Педагог».<br>ҰББД-да міндетті өріс «санаттың расталған немесе тағайындалған жылы» толтырылмаған.<br>*Ұсыныс:* нақты деректердің ҰББД-не сәйкестендіру қажет.<br>*Жойылған:* нақты деректер ҰББД-не сәйкестендірілген.<br>**8) Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зертттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтуі:** әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшадағы мәліметтерге сәйкес шағын орталық пер |

| | |
|---|---|
| | мектепалды даярлық тобының барлық педагогтері медициналық тексеруден уақытылы өткен, яғни Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының»25- тармағына сәйкес келеді. |

**ҚОРЫТЫНДЫ:**Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тармағының 2) тармақшасы талабына сәйкес келеді.

| | |
|---|---|
| **4)** | **Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.** *(бағаланатын кезеңдегі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің көшірмелері).*<br>Бағаланатын кезеңге мектепалды тобы және мектепалды сыныптары тәрбиеленушілердің даму мониторингілері мен жеке даму карталары ұсынылған.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** 2020-2021 оқу жылы «Раушан» мектепалды тобында Тугенбай Мансур 18.11.2020 жылы мектепке дейінгі ұйымнан шығарылған, жеке даму картасы аралық, қорытынды толтырылған. Яғни балалардың жас ерекшіліктеріне сай балалардың жетістіктері мен даму динамикасына мониторинг жүргізілмейді және тәрбиеленушілерге жеке даму картасы толтырылмайды.<br>**ЖОЙЫЛҒАН:** ұсынылған құжаттарды зерделеу анықталған бұзушылықтардың 2023 жылғы 23 маусымынан 2024 жылғы 23 мамырға дейінгі кезең аралығында жойылғанын және мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілеріне мониторинг Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа ала отырып жасалып, әр тәрбиеленушіге жеке даму карталары толтырылғаны анықталды.<br>*Ескерту:* 2022-2023 оқу жылы «Раушан» мектепалды тобында Естай Ханшайым 04.10.2021 жылы №191 бұйрықпен мектепке дейінгі ұйымнан шығарылған, жеке даму картасы толтырылған, демек тәрбиеленушілердің жеке даму картасы формальді түрде толтырылған. Мемлекеттік аттестаттауға берілген 3-қосымша бойынша мектепке дейінгі ұйымнан шығарылған күні 04.10.2021 жыл, ал ҰБДҚ-да шығарылған күні 01.06.2023 жыл.<br>*Жойылған*: ескерту бойынша түзету жұмыстары жүргізілген және сәйкестендірілген. |

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 21-тармағы талабына сәйкес келеді.

| | |
|---|---|
| **5)** | **Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы (***бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің даму мониторингі (бастапқы) нәтижелерінің көшірмелері).*<br>Жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бастапқы бақылауға арналған индикаторлар бақылау парағында айқындалған және индикаторлар алдыңғы жас тобының (II жартыжылдық) аралық қорытынды бақылауының күтілетін нәтижелері болып табылады.<br>Бағаланатын кезеңге тәрбиеленушілердің дамуының көрсеткіштері материалдары, әр тәрбиеленушіге толтырылған жеке даму картасы ұсынылған.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Алайда, 2020-2021 оқу жылы «Түймедақ» ересек тобында (4-5 жас) «Қызғалдақ» ортаңғы тобы ретінде толтырылған. Индикаторлары 5-6 жастағы балаларға арналған, нәтижелері бойынша талдау жүргізілмейді.<br>2022-2023 оқу жылы «Раушан» мектепалды тобында мектепке дейінгі ұйымнан шығарылған балаға бастапқы нәтижелері толтырылған, демек тәрбиеленушілердің карталары формальді толтырылған.<br>Осылайша тәрбиеленушілер арасында балалардың даму мониторингісі (бастапқы) жүргізілмейді және нәтижелері бойынша талдау жүргізілмейді.<br>**ЖОЙЫЛҒАН:** ұсынылған бастапқы мониторинг материалдарын талдау 2023 жылғы 23 маусымынан 2024 жылғы 23 мамырға дейінгі кезең аралығында жүргізілген бастапқы |

| | |
|---|---|
| | мониторинг жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес балалардың жасын ескере отырып барлық топтарда жүргізілгенін көрсетті және әр тәрбиеленушілердің жеке даму картасы толтырылған. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 5, 6-тармақтары талаптарына сәйкес келеді. | |
| **6)** | **Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдауы** *(бағаланатын кезеңдегі балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің көшірмелері*)<br>Баланың дамуының жеке картасы баланың бірінші сыныпқа түскенге дейін Мектепке дейінгі ұйымда болуының барлық кезеңіне жүргізіледі.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Алайда бағаланатын кезеңге тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің (бастапқы, аралық, қорытынды) материалдары, әр тәрбиеленушіге толтырылған жеке даму картасы ұсынылмаған.<br>2020-2021 оқу жылы «Қызғалдақ» ортаңғы тобында (3-4 жастағылар) бақылау өлшеуіштері 5-6 жасқа арналған. «Түймедақ» ересек тобында қорытынды мониторингте Қаңтар айына толтырылған.<br>2021-2022 оқу жылы «Раушан» ересек тобы (4-5 жас) аралық, қорытынды мониторингтері ортаңғы топқа жасалынған және тек 4 жасқа толтырылған.<br>Осылайша тәрбиеленушілер арасында тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингісі жүргізілмейді және нәтижелері бойынша талдау жүргізілмейді.<br>**ЖОЙЫЛҒАН:** ұсынылған мониторинг материалдарын талдау 2023 жылғы 23 маусымынан 2024 жылғы 23 мамырға дейінгі кезең аралығында жүргізілген қорытынды мониторинг жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып жоғарыда аталған топтарда жүргізілгенін көрсетті. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7 - 11 тармақтары, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 12.08. 2016 жылғы № 499 бұйрығына 1-қосымшаның 3 тармағына сәйкес келеді. | |
| **Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне критерийлер** | |
| **1)** | **МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы** *(білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке оқу жоспарлары (бар болса), ұйымдастырылған қызметті бөлу, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған).*<br>«Ә.Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ «Таңшуақ» шағын орталығы мен мектепалды сыныбының бағаланатын кезеңде үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі мен сақталуын анықтау мақсатында оқу жұмыс жоспарлары, перспективалық жоспарлар, циклограммалар зерделенді.<br>Бағаланатын кезеңде білім беру ұйымында психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындысы негізінде оқытылған ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар болмаған.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, оның ішінде аптадағы өткізу жиілігі мен нормативтік жүктемесіне сәйкес емес екендігі анықталды, аралас тобында ересек жастағы балалардың жас ерекшелігі ескерілмеген. |

| | |
|---|---|
| | **ЖОЙЫЛҒАН:** жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметті бөлуді талдау 2023 жылғы 23 маусымынан 2024 жылғы 23 мамырға дейінгі кезең аралығында анықталған бұзушылықтар жойылғанын және жұмыс оқу жоспары мен ұйымдастырылған қызметті бөлу тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалғанын көрсетті. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:**Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 22-тармағы,«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығына 2 –қосымшасы талаптарына сәйкес келеді. | |
| **Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар** | |
| **1)** | **Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.** *(білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке оқу жоспарлары (бар болса) ұйымдастырылған қызметті бөлу, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған).*<br>Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес тәрбиеленушілер контингентінің тізімдерін зерделеу барысында МДҰ тәрбиеленушілерінің жас кезеңдері ортаңғы топ пен мектепке дейінгі жас (3 – 5 жас) аралығында екендігі анықталды:<br>2020-2021 оқу жылында 3 жастан 4 жасқа дейінгі жастағы балалардың жасы бойынша әр түрлі жастағы принцип бойынша 1 топ, 4 жастан 5 жасқа дейінгі жастағы балалардың жасы бойынша әр түрлі жастағы принцип бойынша 2 топ жасақталған;<br>2021-2022 оқу жылында 3 жастан 4 жасқа дейінгі жастағы балалардың жасы бойынша әр түрлі жастағы принцип бойынша 2 топ, 4 жастан 5 жасқа дейінгі жастағы балалардың жасы бойынша әр түрлі жастағы принцип бойынша 1 топ жасақталған;<br>2022-2023 оқу жылында 3 жастағы балалардың жасы бойынша 1 топ, 4 жастағы балалардың жасы бойынша 1 топ жасақталған; 5 жастағы балалардың жасы бойынша 1 топ жасақталған;<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Алайда топтарды жасақтау кезінде жалпыға міндетті стандарт талабында анықталған жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталуы бойынша жас кезеңділігі қағидаты сақталмаған.<br>Мысалы, 2022-2023 жылында «Қызғалдақ» аралас тобына қабылданған 14 тәрбиеленушінің жас кезеңдері 3 жас деп көрсетілген, алайда 7 тәрбиеленушінің нақты жасы 4 жас, 6 тәрбиеленушінің нақты жасы 5 жас, 1 тәрбиеленушінің нақты жасы 6 жас /Әбикен А) және аралас топ ретінде жасақталуы тиіс екендігі анықталды.<br>**ЖОЙЫЛҒАН:** Ұсынылған тәрбиеленушілердің тізімін талдау көрсеткендей, тексерілетін кезең аралығында анықталған бұзушылықтар жойылып, 2023 жылғы 01 қыркүйектен жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасқа толған балалардың жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 24, 25 –тармақтары талаптарына сәйкес келеді. | |
| **2)** | **Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау** *(білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке оқу жоспарлары (бар болса), ұйымдастырылған қызметті бөлу, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған).*<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерінің сақталуын белгілеу мақсатында бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімдері, сондай-ақ Ұлттық білім беру дерекқорынан алынған мәліметтер зерделеніп, салыстырылды.<br>Нәтижесінде әрбір жас кезеңділігі бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері сақталғаны анықталды. |

| |
|---|
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 26-тармағы талабына сәйкес келеді. |

**Жалпы орта білім берудің негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім білім беру ұйымының білім беру қызметін зерделеу нәтижесі**

| | |
|---|---|
| **2.** | **Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар** |
| **1)** | **Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі:**<br>2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына ұсынылған жұмыс оқу жоспарлары оқытылатын 1-11 сыныптарға жасалып, «Ә.Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ-нің директорымен бекітілген және Балқаш қаласының білім бөлімінің басшысымен келісілген.<br>Бағаланатын кезеңге денсаулығына байланысты үйде оқыту ұйымдастырылған:<br>2020-2021 оқу жылында 1 «Ә» сынып – 1 оқушы;<br>2021-2022 оқу жылы 5 оқушы бар (2 «Ә»-1, 5 «В»-2 бала, 6 «Б»-1 бала, 8 «А» - 1 бала).<br>2022-2023 оқу жылы 6 оқушы бар (3 «Ә»-1, 4 «А»-1, 5 «А»-1, 6 «В»-1, 9 «Б»-1,10 «Ә»-1 бала).<br>Жұмыс оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, сабақ кестелері үлгілі оқу жоспарының негізінде жасалған жұмыс оқу жоспарына сәйкестігін көрсетті.<br>*Ескерту:* 5 «Ә» сыныбында информатика пәні және 6 «В» сыныбында шетел тілі пәні қағаз нұсқасындағы сабақ кестесінде көрсетілмеген, ал білімал кестесінде бар. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 10, 11, 15, 17, 19, 21, 23-тармақтары (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 23, 24, 26, 28, 29, 31, 33, 34, 36-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 23, 26, 27, 28-тармақтары (Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1, 6, 19, 27, 53, 55, 57 қосымшаларына сәйкес келеді. | |
| **2)** | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:**<br>Аталған өлшемшарт бойынша жұмыс оқу жоспарында анықталған инвариантты компонент пәндерінің орындалысына талдау жұмыстарын жүргізу үшін «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналы арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары қаралды. Нәтижесінде әр оқу пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жасалғаны және жоспарланған барлық тақырыптардың сабақ кестесіне сәйкес өткізілмегені және орындалмағаны анықталды.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Осылайша, оқу пәндерінің базалық мазмұны үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес іске асырылмайтыны анықталды.<br>9 «Ә», «Б» сынып «Жаһандық құзыреттілік», 8 «А», «Ә» сынып «Әлихантану», 7 «А», «Ә» сынып «Физика» 1 сағат, 8 «А», «Ә» сынып «Экономика қаржы сауаттылық» 2 сағат, 8 «Ә» сынып «Әлихантану» 3 сағат, 7 «Ә» сынып «Алгебра таңдау пәні» 30 сағат, 7 «Ә» сынып |

«Алгебра таңдау пәні» 38 сағат, 7 «Ә» сынып «Театр әлемі» 21 сағат жетіспейді.
3 «А» сынып «Математика және логика» (18.01.) 1 сағат артық.
Жұмыс оқу жоспарында жоспарланбаған, ал «Bilimal» электрондық журналда бар: 9 «А» сынып «Балбұлақ», 6 «А» сынып «Эксклюзив».
5 «А», «В», 8 «А», «Ә» сынып «Әлихантану», 8 «Ә» сынып «Алгебра», 10 «А», «Ә», 11 «А», «Ә» сынып «Жаһандық құзыреттілік», «Отандық тарих», 11 «Ә» «Абайтану», «Тіл мәдениеті» 10 «Ә» сынып «Математикалық сауаттылық» екі рет жазылған, күндері дұрыс қойылмаған.
7 «А», 8 «А» сынып «Эксклюзив», 8 «А», «Ә» сынып «Сән студиясы» жұмыс оқу жоспарында 0,5 сағаттан берілген, білімалда 1 сағаттан, 6 «А» сынып «Балбұлақ» жұмыс оқу жоспарында 2 сағат берілген, білімалда 1 сағат ғана толтырылған.
2 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», 3 «А», «Б», «Г», 4 «Б» «В» сыныптарда «Математикалық сауаттылық» орнына «Математика және логика» деп білімалда жазылған.
**ЖОЙЫЛҒАН:** талдау жұмыстарын жүргізу үшін «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналы арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары зерделенді. Талдау көрсеткендей, оқу пәндерінің базалық мазмұны күнтізбелік – тақырыптық жоспарларына сәйкес 01.09.2023 жылдан 23.05.2024 жылға дейінгі кезеңде үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес іске асырылған және толық көлемде игерілген.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 12, 13, 14, 16, 18, 20, 22, 24-тармақтары (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 25, 27, 30, 32, 35, 37-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 23-25, 28-тармақтары (Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді.

**3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:**

Білім беру ұйымымен ұсынылған оқу – тәрбие жұмысының жоспары жоспарланған іс-шараларды орындау бойынша барлық растайтын құжаттары мен тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері ұсынылған.

Тәрбие жұмысын іске асыру 8 бағыт бойынша жоспарланған, әр айдың бағыты, мақсаты, атаулы даталары жоспарланған. Тәрбие жұмысының есебінде іске асырылатын нормативтік-құқықтық құжаттары, құқықтық тәрбие бойынша мақсаты, құқық бұзушылық кеңесінің жұмысының талдауы жазылған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілген жобалар мен жұмыстарының талдауы жазылған. Оқу жылы бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша білім беру жоспары әзірленген және алда қойылған барлық тәрбиелік мәселелерді қамтиды және барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілген.

Сонымен қатар, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі іс жүзінде көрсетуге бағдарлау мақсатында оқудан тыс кезеңде сынып жетекшілерімен сабақтан тыс әртүрлі педагогикалық әрекеттерін ұйымдастыру арқылы тәрбиеге де көп көңіл бөлінетіні көрінді. Білім беру ұйымы оқушы-спортшылары бәсекеге қабілетті болу үшін бір жағынан, жоғары спорттық нәтижелер көрсетіп, екінші жағынан-мемлекеттік стандартқа сай білім меңгерулері ескерілген. Оқушы-спортшылар, екі басты басымдылықты-спорт пен білімді үйлестіре алу жағдайлары қарастырылған. Осылайша тәрбие жұмысы жоспарынан педагог мамандардың тәрбиелік жүйенің барлық бағыттарын басшылыққа ала отырып, атқаратын міндеттері мен қызметтері нақты айқындалғаны анықталды.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 5-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты),

| | |
|---|---|
| 3-қосымшасының 7, 12-тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 5-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді. | |
| **4)** | **Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:**<br>Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру: Білім беру ұйымымен рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі формаларын толыққанды ұйымдастырылады.<br>Мектептің ақпараттық – кітапхана орталығында «Оқуға құштар мектеп», «Кел, бірге оқиық» жобалары жүзеге асырылуда. Патриоттық тәрбие аясында "Жас Ұлан", «Жас Қыран», «Мектеп парламенті» жұмыс жасайды. «мектепке жол», «Еріктілер», «Құстарға қамқорлық» акцияларының ұйымдастырылған. Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық заттарын қолданудың алдын талу мақсатында. "Нашақорлыққа жол жоқ!" атты ашық әңгіме, "Нашақорлыққа жол бермейміз" акциясы, "Жаман әдеттен сақтанудың жолдары" тақырыбында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетілімдері ұйымдастырылған.<br>«Волейбол», «Баскетбол», «Футбол», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Үстел теннисі», «Домбыра», Ұлттық ойындар», «Театр әлемі», «Балбұлақ», «Ши тоқу», «Гобелен», «Эксклюзив, «Сән-fashion», «Қозғалмалы ойындар және спорттық ойындар» үйірмелері жұмыс жасайды. «TED15» жастары дебат клубы, «Адал ұрпақ» клубы «Massmedia» орталығы жұмыс жасайды. Ата-аналардың мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуларын арттыруға, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алумен отбасыларындағы туындайтын қиын мәселелердің алдын алу жұмыстарын жүргізуді қалыптастыру мақсатында «Әкелер», «Аналар» мектептері жұмыс жасайды. «Өнегелі өмір» жобасы аясында жетістік пен табысқа жеткен құрметті адамдармен кездесулер, ай сайын спорттық іс-шаралардың ұйымдастырылғаны, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыруға бағытталған. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 6-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 16 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 17 тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талабына сәйкес келеді. | |
| **5)** | **Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі):**<br>Білім беру ұйымымен бекітілген сабақ кестесі, бейінді оқыту бағыттары бойынша іске асырылатын міндетті оқу пәндері бойынша білім берудің үлгілік оқу жоспарының жүргізілуі зерделенді.<br>«Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ-де бейіндік оқыту білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, 10-11-сыныптарда жаратылыстану-математика бағытында жүргізілген.<br>2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында білім алушылармен оқытудың стандартты және тереңдетілген деңгейі үлгілік оқу жоспарында анықталған пәндері таңдалған. |

| | |
|---|---|
| **ҚОРЫТЫНДЫ:**ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 4-қосымшасының 13-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талабына сәйкес келеді. | |
| **6)** | **Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру:**<br>Ұсынылған құжаттарға, «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын, электронды сынып журналдарын зерделеу бағаланатын кезеңде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға оқыту ұйымдастырылғаны анықталды: 2020-2021 оқу жылында – 1 бала, 2021-2022 оқу жылында – 5 бала, 2022-2023 оқу жылында – 6 бала.<br>Осылайша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес инвариантты компоненттің оқу пәндерін күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға сәйкес оқыту ұйымдастырылған. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 45-тармағы (бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 61-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 55-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 53,55,57 қосымшалары талаптарына сәйкес келеді. | |
| **7)** | **ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру:**<br>Ұсынылған мектеп директорымен бекітілген оқу жоспары, сабақ кестесін, «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын, электронды сынып журналдарын зерделеу барысында үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінде анықталған факультативтік және таңдау сабақтары бойынша, жеке тұлғаға бағдарландыруда қамтамасыз ететін, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған факультативтер мен таңдау курстары өткізілмегені анықталды.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Жұмыс оқу жоспарында көрсетілген вариаттивтік сағаттары, білімалда жазылмаған: 3 «Ә», «В», 4 «А», «Ә» сынып «Математикалық сауаттылық», 5 «Г», «Д», «Е» сынып «Жаһандық құзыреттік», 7 «А», «Ә» сынып «Сән студиясы», «Болашақ инженерия», 10 «Ә» сынып «Биология» 11 «Ә» сынып «Massmedia».<br>Вариативтік компонентінің сабақ кестелері «Bilimal» электрондық журналда 3, 4 тоқсанында келесі сыныптарда толтырылмаған: 1 «А», «Ә», «Б», «Г», 2 «Ә», «Б», «В», «Г», 3 «А», «Б», «Г», 4 «Б» «В».<br>**ЖОЙЫЛҒАН:** талдау жұмыстарын жүргізу үшін «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналы арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары зерделенді. Талдау көрсеткендей, жоғарыда аталған сыныптарда вариативтік компонентінің сабақ кестелері толтырылған және жазылған. Осылайша, осы критерий бойынша анықталған бұзушылықтар 01.09.2023 жылдан 23.05.2024 жылға дейін жойылған. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:**ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына2-қосымшасының 7-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 12 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 18 тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді. | |
| **8)** | **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру:** |

<table>
<tr><td></td><td>Оқу процесі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнының инвариантты оқу пәндерінің аясында жүргізілуіне талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді. Жалпыға міндетті білім беру стандартында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 1-4 сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағаттық, 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсы аясында 12 сағаттық жылдық жүктемемен жүзеге асырылатыны анықталған.<br>БҰЗУШЫЛЫҚ:Алайда білім беру ұйымында оқу процесі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұныны толық көлемде жүргізілмейтіні анықталды.<br>2021-2022 оқу жылы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 5 «А» сыныпта 1 сағатқа кем, 6 «А» сыныпта 4 сағатқа кем, 6 «Ә» сыныпта 2 сағатқа кем.<br>2022-2023 оқу жылы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 7 «А», 7 «В» сыныптарында 2 сағатқа кем, 7 «Б» сыныптарында 4 сағатқа кем, 5«А», 9 «Ә», 9 «Б» сыныптарында 1 сағатқа кем, 5 «В» сыныпта 2 сағат кем (білімалда 2 сағаттың атауында «Қауіпсіздік ережесі» деп жазылған).<br>ЖОЙЫЛҒАН: Талдау көрсеткендей, бағаланатын кезеңде жоғарыда аталған сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы тиісті білім деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес 01.09.2023 жылдан 23.05.2024 жылға дейінгі кезеңде толық көлемде іске асырылған.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 25-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 56 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді.</td></tr>
<tr><td>9)</td><td>«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру:<br>Жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 1-4 сыныптарда - 6 сағат, 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.<br>Сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерімен іске асырылатын «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының орындалысы «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы зерделеніп, нәтижесінде «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының жүргізілетіндігі анықталды.<br>БҰЗУШЫЛЫҚ: 2021-2022 оқу жылында «Жолда қозғалысы ережелері» оқу курсы 6 «Ә» сыныпта 10 сағат мүлдем жоспарланбаған және өткізілмеген, 7 «Г» сыныпта 2 сағатқа кем.<br>2022-2023 оқу жылында «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 1 «Г», 5 «Ә», 8 «А» сыныптарында 4 сағатқа кем, 2 «Ә», 2 «Б» сыныптарында 3 сағатқа кем, 5 «В» сыныпта 2 сағатқа кем, 8 «Б» сыныпта 6 сағатқа кем, 7 «В», сыныпта 8 сағатқа кем, 8 «В» сыныпта 9 сағатқа кем, 6 «Ә» сыныпта 10 сағатқа кем, 7 «Ә» сынып 1 сағат өткізілмеген және (сынып сағаттарының 9 сағатының тақырыптары «Bilimal» журналына жазылмаған, ЖҚЕ жазбасы ғана тұр).<br>ЖОЙЫЛҒАН: Талдау көрсеткендей, бағаланатын кезеңде жоғарыда аталған сыныптарда «Жолда қозғалысы ережелері( оқу курсы тиісті білім деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес 01.09.2023 жылдан 23.05.2024 жылға дейін толық көлемде іске асырылған.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 26-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 38 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді. |
| **10)** | **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 24.11.2022 жылғы №473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.**<br>Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесіні көрсетті:<br>*1) Педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 7 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте мен ұсынылған тарификациялық тізім мен штаттық кесте, «Білімал» автоматтандырылған басқару жүйесі және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*<br>Бағаланатын кезеңде барлығы 89 педагог қызмет атқарған, оның 2-уеі педагог-психолог, 1 педагог қоса қызмет атқарады, 15 педагог бала күтіміне байланысты еңбек демалысында.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Зерделеу барысында педагогтардың тиісті бейін бойынша педагогтік, кәсіптік білімдері жоқ екендігі анықталды:<br>1) Керей Арай Төлеуқызы- әлеуметтік педагог, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Дене тәрбиесі және спорт»;<br>2) Момынбекова Айтолқын Маратқызы – 5, 7 сыныптарда ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Бастауыш білім беру»;<br>3) Ермаганбетова Анель Ауелбековна- тарих пәнінің мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Логистика»;<br>4) Тукай Гулстан - тарих пәнінің мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Туризм»;<br>5) Алимбетова Сауле Абдуевна – 5, 6, 8, 9 сыныптарда дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Бастауыш оқытудың педагогикасы»;<br>6) Ермекова Кулшара Алимхановна - көркем еңбек пәнінің мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиеті»;<br>7) Нұрғазы Гүлмира Нұрғазықызы - бастауыш сыныптарда музыка пәнінің мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Филология»;<br>8) Койшина Гакку Мынгышкызы - бастауыш сынып мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Педагогика және психология»;<br>9) Сулейменова Жанар Нургаликызы - бастауыш сынып мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Биологиия және экология мұғалімі»;<br>10) Стамкулова Жанна Курышхановна - бастауыш сынып мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Казахский язык и литература»;<br>11) Имангалиева Анар Төлегеновна - бастауыш сынып мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Педагогика и психология»;<br>12) Жарғай Рауана Наймантайқызы - бастауыш сынып мұғалімі, диплом бойынша мамандығы «Педагогика и психология».<br>Сонымен қатар, Әдістемелік ұсынымдарға 7 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте бойынша бастауыш сынып мұғалімі Г.Х.Сатыбалдинаның білім туралы мәліметті толық емес, талдау мүмкін болмады.<br>**ЖОЙЫЛҒАН:** «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі, сондай-ақ ҰБДБ базасы арқылы ұсынылған құжаттарды талдап:<br>1) Керей Арай Төлеуқызы директордың 09.10.2023 жылғы № 242 бұйрығымен әлеуметтік педагогтің 1 жүктемесі алынған;<br>2) Момынбекова Айтолқын Маратқызы - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін «Шетел тілі екі шетел тілі (ағылшын)» Шет тілі мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша 2023 жылы бітірген;<br>3) Ермаганбетова Анель Ауелбековна- тарих пәнінің мұғалімі, академик Е.А.Бөкетов атындағы |

Қарағанды мемлекеттік университетін «Тарих» мамандығы бойынша 2008 жылы бітірген;
4) Тукай Гулстан - тарих пәнінің мұғалімі, Инновациялық Еуразия университетін «Тарих» мамандығы бойынша 2018 жылы бітірген;
5) Алимбетова Сауле Абдуевна – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, Балқаш педагогика училищесін «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша 1995 жылы бітірген;
6) Ермекова Кулшара Алимхановна - көркем еңбек пәнінің мұғалімі, директордың 01.09.2023 жылғы №186 «К.А.Ермекованың шартын бұзу тұралы» бұйрығымен жұмыстан босатылған;
7) Нұрғазы Гүлмира Нұрғазықызы - бастауыш сыныптарда музыка пәнінің мұғалімі, Балқаш педагогика училищесін «Музыка» мамандығы бойынша 1994 жылы бітірген;
8) Койшина Гакку Мынгышкызы - бастауыш сынып мұғалімі, Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжін «Бастауыш сыныпта оқыту» мамандығы бойынша 2000 жылы бітірген;
9) Сулейменова Жанар Нургаликызы - бастауыш сынып мұғалімі, директордың 31.08.2023 жылғы №165 «Ж.Н.Сулеменованың еңбек шартын бұзу тұралы» бұйрығымен өз еркімен жұмыстан босатылған;
10) Стамкулова Жанна Курышхановна - бастауыш сынып мұғалімі, Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжін «Бастауыш сыныптарды оқыту» мамандығы бойынша 2005 жылы бітірген;
11) Имангалиева Анар Төлегеновна - бастауыш сынып мұғалімі, Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжін «Бастауыш сыныптарды оқыту» мамандығы бойынша 2008 жылы бітірген;
12) Жарғай Рауана Наймантайқызы - бастауыш сынып мұғалімі, Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжін «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша 2014 жылы бітірген.
Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімі Г.Х.Сатыбалдина Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша 2020 жылы бітірген.

**Бастауыш білім беру деңгейлері үшін:** *Негізгі жұмыс орны лицензиат табылатын жалпы білім беретін мектептер үшін бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 25 %-дан кем емес болуы.*

Негізгі жұмыс орны лицензиат табылатын «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ-де бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы саны – 17, оның ішінде педагог-зерттеуші-1, педагог-сарапшы-8, педагог-модератор-1, бірінші санат-1, педагог-6, яғни бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі 58,8%-ды құрайды, ол біліктілік талаптарында анықталған тиісті 25%-дан жоғары.

**Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі** штаттық (негізгі) педагогтардың саны - 54, оның ішінде педагог-зерттеуші-6, педагог-сарапшы-11, педагог-модератор-10, педагог-19, жоғары санат-2, санатсыз 6 педагогтардың, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі негізгі орта, жалпы орта білім беру мұғалімдерінің жалпы санының 35,2% -ын құрайды, ол біліктілік талаптарында анықталған тиісті 35%-дан жоғары.

*2) Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 10 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры мен Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін:** Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 07.04.2017 жылғы № 141 бұйрығына сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.

«Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ-де медициналық қызметке лицензия №21014416 06.04.2021 жылы берілген. Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт ұсынылған.

*3) Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 11 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры мен Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін:** Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде ғимараттарда (оқу корпустарында) білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

«Әлихан Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ-де 240 орындық асхана бар, ол қажетті жиһазбен және жабдықтармен қамтамасыз етілген, бұл 11-қосымшаның және ҰБДБ базасының мәліметтерімен расталған. Тамақтандыру объектісінің санитарлық эпидемиологиялық сәйкестігі туралы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық 2015 жылы 27 наурызда №6-2-54\56 нөмірмен қорытынды жасалған. Жеке кәсіпкер – Унанян Лусик Левоновна.

*4) Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 9 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, eGov электрондық үкімет онлайн ақпаратымен мен Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін:** Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрықпен бекітілген санитариялық нормаларға және № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.

Білім беру ұйымының питонды блоктан 2008 жылы салынған ғимарат, жобалық сыйымдылығы 1176 орынға арналған. Жер учаскесінің ауданы 11416,9 ш.м.

Санитариялық нормаларға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес.

Білім беру ұйымының меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуын растайтын құжат жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы 22.06.2023 жылғы №101000007632241 анықтамаға сәйкес мектептің ғимараты жедел басқару құқымен «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ-не берілген.

*5) Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 9 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін:** № 70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;

- № 348 және № 385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы;
- мектеп-лицей үшін-физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтардың болуы;
- edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;
- № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;
- № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы (аталған талап 31.01.2023 жылдан бастап күшіне енгізілген);

-ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы.

| | |
|---|---|
| | Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы.<br>Әдістемелік ұсынымдарға 9 – қосымша ұсынылған және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:<br>Білім беру ұйымы 218 компьютермен жабдықталған, оның оқушылармен оқу үрдісінде қолданылатыны – 198, келісім шарт негізінде интернет жылдамдығы 100 Мбит/с, нақты жылдамдығы 100 Мбит/с құрайды.<br>Білім беру ұйымында 44 кабинет бар: даярлық топ - 3, бастауыш сынып –9, қазақ тілі -1, орыс тілі мен әдебиеті – 1, ағылшын тілі -1, математика – 1, информатика – 2, кәсіби бағыт-1 , география – 1, тарих – 2, биология – 3 , физика – 2, химия – 2, STEM -1, көркем еңбек– 4, музыка – 1, АӘТД-1, робототехника -1, IT сыныбы-1, лингофондық кабинет-1, әлеуметтік педагог-1, педагог-психолог-1,медициналық кабинет-2, стоматолог-1,<br>Физика, химия, биология пәндері және STEM зертханасы бойынша оқу-зертханалық жабдықтарымен қамтамасыз етілген, 4 зертхана физика, биология, химия кабинеттері.<br>Білім беру ұйымының www.nic.kz сілтемесі арқылы alihan15balkhash.edu.kz домендік атауын тексеру оның edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде тіркелгенін көрсетті.<br>Бастауыш сынып білім алушыларына жеке пайдалануға арналған шкафпен жабдықталған.<br>«Әлихан Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ-нің ғимаратындағы санитариялық тораптардың саны-4, унитаз-69, қол жуғыштар -52, үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында 93 бейне бақылау, оның ішінде 79 ішкі, 14 сыртқы, дабыл түймесі, дыбыстық ескерту бар, турникет, мүгедек балаларға арналған 10 дәретхана, 27 тұтқалар, 610 тактилді тақта және өрт қауіпсізін сақтау барысында арнайы өрт сөндіргіштер бар.<br>*б) Педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 7 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте мен ұсынылған тарификациялық тізім мен штаттық кесте, «Білімал» автоматтандырылған басқару жүйесі және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*<br>**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін:** Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 72 сағат көлемінде педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет қамтамасыз ету.<br>Педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 7-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте мен «Білімал» автоматтандырылған басқару жүйесі және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер салыстыру барысында келесі анықталды:<br>Білім беру ұйымында барлығы 89 педагог жұмыс атқарады, оның 2-еуі педагог-психолог, 1-уеі қоса қызмет атқарады, 15-сі бала күту демалысында. 6 директорының орынбасарлары Тлеубекова К.Ж., Исаинова М.Б., Карина Г.Т., Буденова С.К., Беделбаева Н.А., Амантай Е.Б. басшылық лауазымдағы өтілі 1-3 жылға дейін.<br>**БҰЗУШЫЛЫҚ:** Басшы кадрларының біліктілігін арттыру курсын уақытылы өтпеген директор (соңғы өткен 2017 жылы), директорының орынбасары Ерменбетова Г.Ө. (осы лауазымда 14 жыл еңбек өтілі).<br>Уақытылы біліктілік арттыру курсынан 8 педагог өтілмеген: Тәңірберлі С.Р. (02.09.2019 ж. жұмысқа қабылданған), Адайбекова Ж.К., Аскаров М.Ч. (жұмысқа қабылданған 03.01.2009 ж.), Наурызбаев Н.К. (01.06.2017 ж. жұмысқа қабылданған); Сулейменова Ж.Н. (соңғы өткен 2017 жылы), Кутжанова А.М. (соңғы өткен 2018 жылы), Тлеубеков Д.М. (жұмысқа қабылданған 01.09.2018), Ермекова К.А. (жұмысқа қабылданған 04.09.2017 ж..<br>Бұл «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ОМ 24.11.2022 жылғы №473 бұйрығының 1- бөлігінің 6-1 тармағы (бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары), 2-бөлігінің 13-1 тармағы (негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу |

бағдарламалары), 3-бөлігінің 20-1 тармағы (жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары) талаптарын бұзу болып табылады.

**ЖОЙЫЛҒАН:** білім беру ұйымы «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ-да өткен туралы сертификаттар ұсынылған: директор Токейбекова А.Т. *(17.11.2023 ж. № 0690695)*, директорының орынбасары Ерменбетова Г.Ө. *(20.10.2023 ж., № 0689217)*, Наурызбаев Н.К. (13.10.2023 ж., №0689218), Кутжанова А.М. *(20.05.2021 ж. БЖ №003579, Педагогикалық шеберлік орталығы)*.

Келесі педагогтер директордың бұйрығымен өз еркімен жұмыстан босатылған, ол Тлеубеков Д.М. *(бұйрық №150, 21.08.2023 ж.)*, Сулейменова Ж.Н. *(бұйрық №165, 31.08.2023 ж.)*, Ермекова К.А. *(бұйрық №186, 01.09.2023 ж.)*, Аскаров М.Ч. *(бұйрық №187, 01.09.2023 ж.)*, Адайбекова Ж.К. *(бұйрық №126, 17.05.2023 ж.)* және Тәңірберлі С.Р. бала күту демалысында *(бұйрық №146, 17.08.2023 ж.)*.

*7) Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 9 қосымшаға және бағаланатын кезеңдегі білім алушылардың контингентінің тізімі Әдістемелік ұсынымдарға 8 қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін**: №570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰБДД-на сәйкестігі.

Әдістемелік ұсынымдарға 8, 9-қосымшаларда көрсетілген мәліметтерді Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтермен салыстыру барысында білім беру ұйымымен нақты деректердің ұсынылғаны анықталды.

*8) Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 9 - қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін**: №6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).

Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сәйкес ерекше білім бер қажеттіліктері бар адамдар үшін кіре беріске екі жағынан тұтқалар бар пандус орнатылған, баспалдақтың бірінші және соңғы сатыларының контраст түстермен боялар, сынып бөлмелерінде қажетті сандарда балдақтарға арналған ілмектердің, тұтқалардың бар болуы көрсетілген.

*9) Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 12– қосымшаға сәйкестолтырылған кесте, Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтер негізінде:*

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін:** №44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және №216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларына сәйкес «Әлихан Бөкейхан атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ -нің кітапхана қоры бар.

Білім беру ұйымында кітапхана бөлмесі-67,0 ш.м. бар. Барлық кітапхана қоры 32158 дананы құрайды, оның ішінде 23423 оқулық, 8704 – көркем әдебиеттер (журналдар мен брошюраларды қоса есептегенде). Барлық сыныптардың оқушылары тізімге сәйкес 100% қажетті оқулықтармен және әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 27-тармағы (Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшаның 39-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-

қосымшасының 29 тармағына (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) сәйкес келеді.

**3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар**

**1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы:** Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуына талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары және мектептің жұмыс оқу жоспарлары, сабақ кестесі зерделенді. Бағаланатын кезеңдегі пән бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспарын «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналынан тексерілді.

1-11 сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспарларында белгіленген апталық оқу жүктемесінің санының сәйкестігі сабақ кестелері мен электронды сынып журналдарындағы жазбалармен расталды. Осылайша білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі сәйкес екендігі анықталды.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 28-тармағы(Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 40-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 30-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1, 6, 19, 27, 53, 55, 57 қосымшаларына сәйкес келеді.

**2) Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:** Білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының, инвариантты және вариативті компоненттер бойынша сабақ кестелері, «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді.

Нәтижесінде бағаланатын кезеңдегі инварианттық және вариативтік компоненттерінде белгіленген апталық және жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі үлгілік оқу жоспарларының апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес келетіні және оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі сақталғаны анықталды, ол электронды сынып журналдарындағы жазбалармен расталды.

**ҚОРЫТЫНДЫ:**ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 29-тармағы, 3-қосымшасының 41-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 31-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1, 6, 19, 27, 53, 55, 57 қосымшалары талаптарына сәйкес келеді.

**3) Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау:**

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау анықтамасы, «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы электронды сынып журналдарын зерделеу барысында келесі анықталды:

2020-2021 оқу жылында сынып-комплект саны-41, білім алушылар - 974, сыныптардағы

| | |
|---|---|
| | оқушылардың орташа толымдылығы 24;<br>2021-2022оқу жылында сынып-комплект саны-41, білім алушылар - 941, сыныптардағы оқушылардың орташа толымдылығы 23;<br>2022-2023оқу жылында сынып-комплект саны-42, білім алушылар - 984, сыныптардағы оқушылардың орташа толымдылығы 24.<br>Білім беру ұйымында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес сыныпты екі топқа бөлу сыныптардағы балалар саны 24 болуына байланысты сыныптар топтарға бөлінген. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:**ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 30-тармағы, 3-қосымшасының 43-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 33-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді. | |
| **4. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар** | |
| **1)** | **ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер):**<br>Оқытудың күтілетін нәтижелері-білім алушының оқу процесі аяқталғаннан кейін, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, нені білетінін, түсінетінін, көрсететінін білдіретін құзыреттер жиынтығы.<br>Электрондық сынып журналдарын зерделеу барысында білім беру ұйымдарында қорытынды аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін 9-сынып оқушылары үшін және жалпы орта білім беру деңгейінде 11-сынып оқушылары үшін өткізілетіні анықталды.<br>2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының негізгі орта және жалпы орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттау хаттамалары бар, емтихан және қорытынды бағалар қойылған, бұл негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес 18.03.2008 жылғы № 125 бұйрық негізінде мектепте қорытынды аттестаттаудың өткізілуін куәландырады. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 3-қосымшасының 46-61 тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 35-55 тармақтары (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты)талаптарына сәйкес келеді. | |
| **2)** | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау:**<br>"Bilimal" электрондық мектепті басқарудың автоматтандырылған жүйесі арқылы электрондық сынып журналдарын талдау нәтижелері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау сыныптарда формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылатынын көрсетті. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізілген және оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындылары шығарылған. |
| **ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына | |

2-қосымшасының 41, 42, 43-тармағы, 3-қосымшасының 58, 59-тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 52, 53- тармақтары (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді.

3) **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау:** «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын, электронды сынып журналдарын зерделеу және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтермен салыстыру барысында бағаланатын кезең аралығында Әлихан Бөкейхан атындағы №15 мектеп-лицейінде психологиялық-медициналық-педагогикалық қорытындысы /ПМПК/ негізінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың категориясына жататын:

- 2020-2021, 2021-2022 оқу жылы – 0 оқушы;
- 2022-2023 оқу жылы – 2 оқушы (5 «Ә», 6 «Б»);

«Bilimal» электронды журналында әр балаға жеке инклюзивті бет ашылып, ерекшелігіне қарай күнтізбелік-тақырыптық жоспар енгізіліп, жеке бағаланған.

2020-2021 оқу жылында – 1 оқушыға, 2021-2022 оқу жылында 5 оқушыға, 2021-2022 оқу жылында 6 оқушыға үйде оқыту ұйымдастырылған. «Bilimal» электронды журналында жеке журнал ашылған, сабақ кестесі, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары толтырылып, бағалары қойылған. Осылайша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламалары негізінде жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту ұйымдастырылған көрсетті.

*Ескерту:* ҰБДҚ-да Базарбаева Айнур жоқ, Жазыбек Әбілқайыр мен Сулеймен Шахизада да базада үйден оқытылады деген белгі жоқ.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 3-қосымшасының 58, 59-тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді.

4) **4, 9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 27.12.2022 жылғы № 12 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» бұйрығының 15-тармағына сәйкес компьютерлік тестілеуге Департаменттің маманы байқаушы ретінде қатысқан және өткізілген компьютерлік тестілеудің бейнежазбасы жүргізілген. Ұсынылған бейнежазбаға сәйкес компьютерлік тестілеу ашық және объективті түрде жүргізілген.

Мектептің 4-інші сынып оқушыларынан математика, қазақ тілі, 9-ыншы сынып оқушыларынан қазақ тілі, математика, география пәндерінен алынған тестілеу нәтижелері:

Ұлттық тестілеу орталығы дайындаған бақылау үзіктері алынған.

МЖМБС бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін өткізілген 4, 9-сыныптардың білім алушыларының компьютерлік тестілеуі:

| сыныбы | Барлық оқушы саны | тестілеуге қатысқаны | қатысушы үлесі % | "2" бағаның Саны | "3" бағаның саны | "4" бағаның саны | "5" бағаның саны | Оң нәтиже % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 40%- дан төмен | 40-64% | 65-84% | 85-100% | |
| 4 | 101 | 97 | 96% | 7 | 67 | 17 | 6 | 93% |
| 9 | 75 | 73 | 97% | 33 | 38 | 2 | 0 | 55% |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 176 | 170 | 97% | 40 | 105 | 19 | 6 | 76% |

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.12.2022 жылғы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 2-тарау 4-тармағының 4-тармақшасы (компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың төменінде 90%-ы қатысқан кезде жүргізіледі) және 9-тармақшасы (контингенттің тізімдік құрамынан кемінде 40 %-дан кем емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі) негізінде білім алушылардың білімі мен іскерлігін бағалаудың нәтижелері бойынша:

- 4 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 96%-ы қатысып, білім алушылардың 93%-ы оң баға алды.
- 9 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 97%-ы қатысып, білім алушылардың 55 %-ы оң баға алды.

Жалпы 4,9 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 97%-ы қатысып, білім алушылардың 76 %-ы оң баға алды, бұл мүмкін болатын нормаға сай келеді.

Осылайша, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 МЛ» КММ-нің білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 40-42 тармақтары (бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 57-59 тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларының» талаптарына сәйкес келеді.

**5. Оқу мерзіміне өлшемшарттар**

**1) Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау:**

«Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы білім алушылардың қозғалысы туралы бұйрықтарды /қабылдау, ауыстыру немесе оқудан шығару/ талдау нәтижелері және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтермен салыстыру барысында бағаланатын кезең аралығында білім алушылардың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптары сақталғанын көрсетті.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 46-тармағы, 3-қосымшасыны 62-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 56-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді.

**2) Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау:** «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы электрондық сынып журналдарын зерделеу барысында бағаланатын кезең аралығындағы жұмыс оқу жоспарларында көрсетілген білім алушылардың әр деңгейі бойынша оқу жылы ұзақтығының оқу аптасының үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу аптасының ұзақтығына, сынып журналындағы жазбаларда көрсетілген күндердің жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде анықталған каникул күндерімен сәйкес келетіні анықталды.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына

2-қосымшасының 47-48 тармағы, 3-қосымшасының 63, 64-тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 57, 58-тармақтары (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ:

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарына сәйкес;
2. Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі **«АТТЕСТАТТАЛСЫН».**

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу деңгейі бойынша бойынша бағалау парағы**

| № | **Бағалау өлшемшарттары** | **Білім беру ұйымынатиісті өлшеуішті бағалаумазмұны** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | Жалпы 13 педагогтың тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық білімдері 12 педагогта бар, педагогтердің үлесі 92,3 %. | 3 |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі | 10 педагог уақытылы біліктілігін көтерген/растаған, оның ішінде бірінші санаты бар педагог саны - 1, екінші санатты-3 педагог, педагог санаты – 6, 3 педагогтың еңбек өтілі 1-4 жылға дейін, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің үлесі 100%-ды құрайды. | 5 |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | Жалпы 13 педагог біліктілігін арттыру курсынан өткен, үлесі 100%-ды құрайды. | 5 |
| 4 | Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы | балалаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін қолайлы дамытушы орта жасақталған, жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілген. | 4 |
| 5 | Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау | Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сәйкес білім беру ұйымында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасалған. | 5 |
| 6 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету | Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген. | 5 |
| 7 | Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) | 2022-2023 оқу жылында шағын орталықтағы топта жас ерекшелігі екі түрлі ( 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалардың саны 20 баладан және мектепалды сыныбындағы саны 25 баладан артық емес. Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі 100%-ды құрайды. | 5 |
| 8 | Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау | Мектепалды тобының 112 тәрбиеленушілердің (100%) ата-аналары (заңды өкілдері) қатысып, олардың 93,6%-ы тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанатынын көрсеткен. | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | Шағын орталықтағы 8 педагогтің 100%-ы сауалнамаға қатысып, олардың 92,1 %-ы сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанатынын көрсеткен | 5 |
| **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейі бойынша жалпы сома** | | | **42** |
| Білім беру ұйымының білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес келуіне байланысты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 05.12.2022 жылғы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығының 7-тармағына сәйкес, осылайша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің білім беру қызметі «үлгілі» деңгейіне сәйкес. | | | |

## Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша бағалау парағы

| р/с № | Бағалау өлшемшарттары | Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | Педагогикалық қызметпен айналысуға жіберілген барлық 89 педагогтің 77 педагогтің тиісті бейіні бойынша педагогикалық және кәсіптік білімдері бар педагогтердің үлесі 86,5%-ды құрайды. | 3 |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі | Педагогикалық қызметпен айналысуға жіберілген 73 педагогтің (1 педагог қоса қызмет атқаруына, 15 педагогты бала күтуіне байланысты қоспағанда) 68-і уақытылы біліктілік санатының деңгейін арттырған/растаған, ол 93,1%-ды құрайды.<br>2 басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей біліктілік санатын арттырмаған/растамаған, 6-уы басшылық лауазымдағы өтілі 1-3 жылға дейін. | 3 |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | Педагогикалық қызметпен айналысуға жіберілген 73 педагог уақытылы біліктілік арттыру курстан өткен, ол 100%-ды құрайды. | 5 |
| 4 | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі | бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы саны – 17, оның ішінде педагог-зерттеуші-1, педагог-сарапшы-8, педагог-модератор-1, бірінші санат-1, педагог-6, яғни бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі 58,8%-ды құрайды, ол біліктілік талаптарында анықталған тиісті 25%-дан жоғары. | 5 |
| 5 | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі | Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі штаттық (негізгі) педагогтардың саны -54, оның ішінде педагог-зерттеуші-6, педагог-сарапшы-11, педагог-модератор-10, педагог-19, жоғары санат-2, санатсыз 6 педагогтардың, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі негізгі орта, жалпы орта білім беру мұғалімдерінің жалпы санының 35,2% -ын құрайды, ол біліктілік талаптарында анықталған тиісті 35%-дан жоғары. | 3 |
| 6 | Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы | Білім беру ұйымының жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы 95%-ды құрайды. | 4 |
| 7 | Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу) | Білім беру ұйымында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайдың жасалуы 100%- ды құрайды. | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44, 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі | Білім беру ұйымының білім алушылары бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу әдебиеттермен толық қамтамаыз етілген, 100%- ды құрайды. | 5 |
| 9 | Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) | Білім беру ұйымында бағаланатын кезеңде сыныптардағы оқушылардың орташа толымдылығы 24, нәтижесінде сыныптардың толықтырылуының сәйкестігі 100%-ды құрайды. | 5 |
| 10 | Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) | 4 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 96%-ы қатысып, білім алушылардың 93%-ы оң баға алды.<br>9 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 97%-ы қатысып, білім алушылардың 55 %-ы оң баға алды.<br>Жалпы 4,9 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 97%-ы қатысып, білім алушылардың 76 %-ы оң баға алды, бұл мүмкін болатын нормаға сай келеді. | 4 |
| 11 | Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау | Білім алушылардың 4, 9 сынып саны қатысқан-168 бала, сауалнама нәтижелерін талдау 84,2%-ы респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған. | 5 |
| 12 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | Педагогтердің жалпы саны-32, педагогтің сауалнамаға қатысқан-32, нәтижелерін талдау 97,6%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған. | 5 |
| 13 | Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау | Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнамаға қатысқаны -156, нәтижелерін талдау 92,6%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған. | 5 |
| | **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша жалпы сома** | | **57** |

Білім беру ұйымының білім беру қызметі бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес келуіне байланысты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 05.12.2022 жылғы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығының 7-тармағына сәйкес осылайша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің білім беру қызметі «үлгілі» деңгейіне сәйкес.

**Комиссия төрағасы** ____________________ **Бакишева А.Б.**
*(қолы)*

**Комиссия мүшелері:** ____________________ **Садыкова З.С.**
*(қолы)*

____________________ **Абильтусупова С.Т.**
*(қолы)*